

О.Ә. Әліпбеки¹,
Д. Женсхан*,
Р.С. Мусина²

Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,
Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹oalipbeki@mail.ru, azan_tanat@mail.ru*, ²rashka_7878@mail.ru)

Ауыл шаруашылығын субсидиялау: проблемалары және оны тиімді ұйымдастыру жолдары

Аңдатпа. Көптеген мемлекеттерде ауыл шаруашылығы (АШ) саласын мемлекеттік қолдау мен субсидиялау арқылы ынталандыру шараларның үнемі жетілдіру – ондағы өнімділік пен кірістілікті арттыруға, азық-түліктің қолжетімділігі қамтамасыз етуде, сайып келгенде елдегі кедейлікті азайту мен экономикалық өсуді ынталандыруға әсер етуші негізгі тәсіл ретінде қолданылады. Мақсаты – Қазақстандағы АӨК-ін субсидиялау кезіндегі негізгі проблемаларды анықтау және оны реттеудің тиімді жолдарын ғылыми негіздеу болып табылады. Әдістері – гипотезалық, ғылыми абстракциялық, динамикалық және салыстырмалы талдау, синтездеу, жүйелік көзқарас, монографиялық, логикалық. Нәтижелер – мемлекет аграрлық сектордың ағымдағы жағдайын ескере отырып, қолдау шараларын үнемі жетілдіруде. АӨК-ді мемлекеттік қолдау жеңілдетілген қаржыландыру мен субсидиялаудан басқа баға, салық, лизингтік және т.б. тетіктер арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған мақсатты бағдарламалар арқылы іске асырылып келеді. Зерттеуде қарастырылған 2018-2022 жылдар арлығындағы деректерді ескерсек, аграрлық сектордағы өндіріс көлемі де субсидиялау мен қардыжандыру көлемі де оң динамикада өзгерген. Бірақ, бұл нәтижелер АШ саласының ЖІӨ-құрамындағы үлесін тұрақты деңгейде арттыра алмады. Осыған байланысты 2023 жылы АӨК саласын субсидиялау жаңа тетіктермен толықтырылды. Қорытынды – АШТӨ үшін бәсекелестік қабілеттілігін арттыру және протекционистік шараларды жетілдіру; АӨК-ді қаржыландыратын институттарды бір орталыққа шоғырландыру және оны цифрландыру арқылы бюджет қаражатын қатаң бақылау, ауыл тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамту, экспорт көлемін арттыру, онлайн қызметтерді дамыту және «жасыл» технологияларды қаржыландыру көлемін арттыру қажет.

Түйін сөздер: ауыл шаруашылығы, мемлекеттік қолдау, субсидия, жеңілдетілген несие, қаржылық институттар, азық-түлік өнімдерінің бағасы, инфляция, инвестициялар.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-2-232-241>

Кіріспе. Мемлекеттің тұрақты дамуы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайын, халықтың әл-ауқаты мен елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді – аграрлық секторсыз елестету мүмкін емес. Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) деректері бойынша гуманитарлық көмек көлемінің ұлғаюына қарамастан жылдан-жылға азық-түлік тапшылығынан зардап шегетін адамдар саны тұрақты түрде өсіп отыр [1]. Сондықтан, әлемнің барлық дамыған елдерінде мемлекет АШ саласын дамытуға басымдық береді. Олардың нарығын қорғау үшін ауылшаруашылық өнімдерінде ең қатаң протекционистік шаралар қолданылады [2, 3]. Себебі бұл сектордың табиғи-климаттық жағдайларға тәуелді болуы, табиғи апаттар сияқты бақыланбайтын оқиғаларға жиі ұшырауы тәуекелдің өте жоғары екендігін көрсетеді [4].

Сонымен қатар, АШ қоғамды сапалы азық-түліктермен қамтамасыз етуі үшін заманауи техникалық құрал-жабдықтарға, ресурстарға және жұмыс күшіне қомақты инвестиция салуды талап етеді және сұраныс пен ұсыныстың өзгеруі арасындағы айқын уақыт кідірісіне тап болады. Сондықтан, аграрлық сектор тұрақты әрі қарқынды даму мақсатында үнемі мемлекеттік қолдау мен реттеу тетіктерін қажет етеді [5].

АӨК-ін мемлекеттік қолдау басым жағдайда бюджеттік кредиттеу және субсидиялау арқылы жүзеге асатыны белгілі. Бюджеттік кредиттеу - мамандандырылған ұйымдардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға мүмкіндік берсе; субсидиялау – кәсіпорынның экономикалық тиімділігін және өндірілетін өнімнің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жүзеге асырылады.

Ауылшаруашылық субсидиялары осы сектордың алдында тұрған бірегей қиындықтарды шешуде және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады [6]. ЭБДҰ-ның елу төрт елі және басқа да экономикасы дамып келе жатқан 12 ел жыл сайын өздерінің ауылшаруашылық секторын қолдау үшін 700 миллиард доллардан астам қаражат бөледі.

ЭБДҰ жинаған мәліметтерге сәйкес Норвегия (57,6%), Исландия (54,6%) және Швейцария (47,4%) сияқты шағын елдер фермерлік шаруашылықтардың жалпы шығыстары мен кірістерінің пайызы бойынша ең ірі субсидиялаушылары қатарына жатады. Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Индонезия және ЕО елдері өздерінің ауылшаруашылық өндірушілеріне фермерлік шаруашылықтардың жалпы кірісінің 12%-дан асатын деңгейде қолдау көрсетеді. АҚШ, Канада және Мексика елдері бұл көрсеткіштен төмен [7].

Қазақстанның аграрлық секторын мемлекеттік реттеу және қолдау жүйесі бірқатар нақты тетіктермен жүзеге асырылады. Бұл жүйе іс жүзінде баға, салық, кредиттік-қаржылық реттеу тетіктері арқылы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған, мақсатты бағдарламалардың орындалуына негізделген және тікелей бюджеттік қолдаумен жүзеге асырылады [8]. Мақалада Қазақстанның АШ саласын субсидиялау кезіндегі проблемалар мен оны ұйымдастырудың оңтайлы тетіктері зерттеледі.

Зерттеу материалдары мен әдістері. АӨК саласын мемлекеттік қолдау мен субсидиялау бойынша жүргізілген зерттеудің теориялық және әдіснамалық ақпараттық базасын бұл саланы тереңірек зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, БҰҰ-ның азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) мәліметтері және Ауылдық дамуды қайта қарау туралы дүниежүзілік әлеуметтік есебі; Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросы сайтының деректері; ҚР-ның АШ министрлігінің ресми сайтынан алынған мәліметтер, сондай-ақ, «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ және «ҚазАгроҚаржы» АҚ-ның жылдық есептерінің деректері құрайды.

АШ-ын мемлекеттік қолдаудың теориялық заңдылықтары мен принциптерін негіздеу кезінде гипотезалық және ғылыми абстракциялық әдістер қолданылды. Аграрлық секторды субсидиялау мен қаржыландыру жағдайын талдау мен ағымдағы проблемаларды анықтау барысында динамикалық талдау, синтездеу, салыстырмалы талдау әдістері қолданылды.


Зерттеу барысында дамыған мемлекеттердің (Ұлыбританияның) халықаралық ұйымдарының АШ-ын субсидиялауға жүйелі шолу жасаған ғалымдардың зерттеу нәтижелері басшылыққа алынып, мақаланы қорытындылау барысында қолданылды. Зерттеу нәтижесін қорытындылау кезінде жүйелік көзқарас, монографиялық, абстрактылы-логикалық әдіс қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау Қазақстанның АШ секторы соңғы жылдардағы тұрақты өсу серпініне қарамастан, әлі де көптеген жағымсыз факторлардың әсерінен экономиканың рентабельді емес секторларының қатарында қалып отыр.

АӨК дамыту бойынша көптеген мақсатты бағдарламалар қабылданды. Барлық бағдарламаларда негізгі мақсаты АӨК-нің бәсекеге қабілеттілігін арттыру болды. Бұл бағдарламалар аграрлық сектордағы ахуалды түбегейлі жақсартуға, халықтың тұрмыс сапасын арттыруға, ішкі көші-қонды реттеуге айтарлықтай әсер ете алмай келеді. Сондықтан, осы жылдар ішінде АӨК дамытудың басым бағыттары жиі өзгеріп отырып, мемлекеттік қолдау жүйесі, субсидиялау қағидалары, жергілікті АШ өнімдерінің экспортын қолдау бағыттары қайта қаралды. Аграрлық секторға қомақты бюджет қаражатын бөлу инвестициялардың тиімділігін бағалауға болатын нақты оң нәтижелер әкелмеді [2]. Егер біз оны ЖІӨ құрамындағы АӨК саласының үлесі бойынша бағалайтын болсақ: 1991 жылы АӨК-нің мөлшері ЖІӨ-нің үштен бірін (29,5%) қамтамасыз етсе, 2021 жылы бұл көрсеткіш ЖІӨ-нің шамамен 5,1% - ғана өндірді [9].

Елдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту мақсатында мемлекет жыл сайын қаржылық қолдау көлемін ұлғайтады. Орташа алғанда, жылына тікелей республикалық бюджеттен АШ

салаларын субсидиялауға 300 млрд теңгеден астам қаражат бөлінеді. Дегенмен, бұл сектор соңғы жылдардағы тұрақты өсу серпініне қарамастан, әлі де көптеген жағымсыз үрдістер себебінен еңсерілмеген отандық экономиканың рентабельді емес секторларының қатарында қалып отыр [2]. Мысалы, 2019-2021 жылдар аралығында жылда АӨК дамытуға 1,038 трлн теңге бағытталды, оның ішінде: 2019 жылы – 287,7 млрд теңге, 2020 жылы – 366,1 млрд теңге және 2021 жылы 372,0 млрд теңге болған [10]. Келтірілген статистикалық деректерді негізге ала отырып, біз мақалада мемлекеттік қолдау мен жеңілдетілген қаржылау нәтижесінің АШ саласындағы тауар өндірушілердің (АШТӨ) өндірген өнімдерінің жалпы көлеміне және оның динамикалық өзгерістеріне қалай әсер еткендігін салыстырмалы түрде қарастыратын боламыз (сурет 1).




Сурет 1 – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы*, млрд. теңге

2021 жылы АШ өнімін жалпы шығару құрылымындағы мал шаруашылығының үлесі 41,3%, ал өсімдік шаруашылығының үлесі 58,7%, құрады [8]. Өсімдік шаруашылығы үлесінің өсуі 2019 жылдан бастап байқалады, осы кезеңге дейін өсімдік шаруашылығының үлесі 8 жыл ішінде орта есеппен 44,2% -ды. құрады. 2018-2019 жылдар аралығында мал шаруашылығының үлесі 53,6%- дан 45%- ға дейін айтарлықтай төмендеген. Дегенмен, номиналды мәнде мал шаруашылығының жалпы өндірісінің көлемі 2021 жылы 2020 жылмен салыстырғанда 493 млрд теңгеге өсті (өсім 18,8%). Жалпы алғанда әр түрлі мемлекеттік қолдаулар нәтижесінде АШ саласындағы номиналдық мән бойынша өндіріс көлемінің өсіміне қарамастан, нақты көлем индексіне назар аударатын болсақ, бұл салада тұрақты өсім сақталмаған.

Сараптамалық бағалаулар бойынша, отандық аграрлық сектордағы өндірістің өсуіне негізінен мал басын, егіс алқаптарын ұлғайту, тиімді технологиялар, өнімділікті арттыру, заманауи жабдықтар және ғылым мен технология саласындағы жетістіктерді пайдалану есебінен емес, көптеген қосымша жұмысшыларды тартудың нәтижесінде қол жеткізілді. Бұл Қазақстандық аграрлық сектордың экстенсивті дамуы мен технологиялық артта қалуын көрсетеді [2].

Қазақстанның АӨК саласы АШ техникасын жаңартуды қажет етеді, тозу деңгейінің көрсеткіші орта есеппен 76%, бұл сектордағы техниканы жаңарту деңгейі не бары 4,1% құрайды. АШ-ның негізгі капиталына инвестициялар 2021 жылы 773,2 млрд теңгені құрады. Орташа жылдық өсу қарқыны 33,3% құрады. (2 сурет).



Сурет 2 – АШ-на инвестициялар (млрд тенге) және АШ өнімі баға индексі, %

2-суреттен көріп отырғанымыздай, АШ-ын инвестициялау көлемі 2021 жылы 2015 жылмен салыстырғанда 4,6 есе өсті. Статистикалық мәліметтерді негізге алатын болсақ, бұл саланы инвестициялау өнеркәсіп, көлік пен қойма және жылжымайтын мүлік операцияларын инвестициялау көлемінен төмен [8]. АШ-на бағытталған инвестициялардың негізгі үлесі өсімдік шаруашылығында шоғырланған. Өсімдік шаруашылығына 2021 жылы барлық инвестициялардың 62% - дан астамы, мал шаруашылығына 25% - ы тиесілі болды. Өсімдік шаруашылығына салынатын инвестициялардың жыл сайынғы көлемі мал шаруашылығына салынатын қаражаттан 2,5 есе артық.

Көптеген зерттеулерде өндіріс көлемінің жиынтық мөлшерін топтық көрсету үшін құндық мәндер көрсетіледі, ал заттай көлемі ескеріле бермейді. Егер біз елдегі инфляциялық жағдайды ескеретін болсақ, бұл АӨК-ін субсидиялау бойынша нақты тұжырым жасауды қиындатады. Сондықтан біз зерттеу барысында АӨК-ін қаржыландыру мен субсидиялаудың динамикалық өзгерістерін қарастырған кезде елдегі инфляцияның жағдайы туралы да ақпараттарға салыстырмалы шолу жасаймыз. Суретте АШ өнімдерінің бағасы тұрақты өсуде. Бұл елдегі азық-түлік қауіпсіздігіне кері әсер етіп, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуіне әкелетін негізгі фактор ретінде қарастырылады.

Еліміздің АӨК саласын қаржылай қолдауда «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ құрамына кіретін: «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ, «ҚазАгроҚаржы» АҚ, сонымен қатар, Даму «кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ы маңызды рөл атқаратыны белгілі.

Өздеріңіз білетіндей, АШТӨ-ін субсидиялау және жеңілдетілген пайызбен несиелендіру жұмыстардың басым көпшілігі «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ қаржы институты арқылы іске асырылады. АӨК саласын дамыту мақсатындағы компанияның негізгі қаржылық құралдары: АӨК субъектілеріне кредит беру; инвестициялық жобаларды қаржыландыру; көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына кредит беру; қаржы институттарын қорландыру; шағын бизнеске шағын несие беру; сақтандыру сыйлықақыларын субсидиялау. Компания АӨК дамыту бағдарламаларын тікелей тәсілмен де, қаржы институттары (ЕДБ, МҚҰ, КС, ЛК, АИО) арқылы да жүзеге асырады. Компания АӨК-ін дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында көрсетілген қарапайым ережелерін сақтайды. Дегенмен, өздеріңіз көріп отырғандай, компания құрамына бірқатар еншілес ұйымдар кіретін болғандықтан, АӨК-і саласын дамытудың стратегиялық мақсаттарымен қатар, аталған қаржы институттарының мүдделері де қатар жүреді. Бұл АШТӨ - алатын қаржының ресурстарының жылдық сыйақы мөлшерін арттырады және мемлекеттік бағдарламада көрсетілген қарапайым шарттар басым жағдайда сақтала

бермейді. Сонымен қатар, компания арқылы ағарлық секторға бөлінген қаржы ресурстарына бақылау жасау мен талдау жүргізуде қиындықтар туғызады (кесте 1).

Кесте 1 – АӨК-нің қаржыландырылу жағдайы және өндіріс көлемі, млрд. теңге

Көрсеткіштер	2018ж.	2019ж.	2020ж.	2021ж.	2022ж.	Ауытқу, % (2022/2019)
АӨК-ін субсидиялау	226	287	366	372,5	451,1	157,2
АӨК-ін Бәйтерек қорының қаржыландыру көлемі	*	448,7	445,7	464,2	651,1	145,1
Ауыл шаруашылығы бойынша негізгі капиталға инвестициялар*	365	495	565	773	826	166,9
Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы*	4474	5151	6335	7515	9571	185,8
Инфляция индексі, %	105,43	104,9	107,5	108,4	120,4	114,78
Ескерту: [2,9, 11,12] ақпараттары негізінде авторлармен құрастырылды						

Ескерту: Зерттеу барысында АӨК-не Бәйтерек қорынан бөлінен қаражаттың 2018 жылғы бөлшегі белгісіз болғандықтан, салыстырмалы ауытқу 2022 жылды 2019 жылмен салыстыру арқылы анықталды.

1-кесте мәліметтерін негізге алатын болсақ, 2018 - 2022 жылдар аралығында АШТӨ-нің жалпы өнімін өндіруде де, оларды мемлекеттік қаржыландыруда да оң динамика анықталғанын бірден байқаймыз.

АӨК-ін субсидиялау көлемі 2022 мен 2018 жылды салыстырғанда екі есеге жақын (99,6%), ал 2019 жылмен салыстырғанда 57,2 % артты; сәйкесінше АӨК-ін Бәйтерек қорының қаржыландыру көлемі 45,1%; АШ бойынша негізгі капиталға инвестициялар 66,9%; АШ өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 85,8% артып отыр. Келтірілген деректердің барлығы құндық мәнде көрсетілгендіктен, біз зерттеуде жалпы еліміздегі инфляция мөлшерін де ескереміз және ол саладағы жалпы жағдай бойынша нақты тұжырым жасауға мүмкіндік береді. 1 кестеде соңғы 5 жылдағы (2018-2022 жж.) инфляцияның тұрақты өсімі бар екендігін және 2022 жылы бұл көрсеткіштің алдыңғы кезеңмен салыстырғанда бірден 20,4% өскенін көрсетті. Бұл жағдай субсидия мен жеңілдетілген қаржыландырулардың экономикаға әсер ету қарқындылығын шектейді.

Жалпы алғанда мемлекеттік АӨК-ді қаржыландыру бойынша оң өзгерістер бар. Бірақ, 1 суреттегі – АШ-ның жалпы өнімінің нақты көлем индексі және 2 суреттегі АШ бойынша негізгі капиталға инвестициялардың алдыңғы кезеңге есептегендегі пайыздық көрсеткіштеріндегі тұрақты өсімнің сақталмауы және АШ өнімдерінің баға индексіндегі тұрақты өсімі, елдегі инфляциялық жағдай - АӨК саласын мемлекеттік қолдау мен субсидиялауда нақты проблемалардың бар екендігін көрсетеді.

Президент К-Ж. К. Токаев АШ-ын субсидиялау бойынша соңғы 5 жылда 2 триллионнан астам теңге бөлінгенін және ол қаржылардың экономикаға маңызды әсер ете алмағанын атап өтті. Сондай-ақ, бюджеттен бөлінген қаражаттардың жұмсалуы мен оның пайдалануы бойынша бірыңғай бақылаудың жоқ екендігі туралы нақты ақпараттарды келтірді [13].

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «АӨК-ін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» орындалуы туралы мемлекеттік аудит қорытынды жасады. Нәтижесінде, бағдарлама аясында жалпы сомасы 2,8 млрд.теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталған, тиімсіз жоспарлау 16,9 млрд. теңге, 44,1 млрд. теңгеге қаражатты тиімсіз пайдалану және 276 рәсімдік бұзушылықтар орын алаған [14].

ҚР-ның АӨК-ін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асуын бағалау бойынша мемлекеттік аудитінің қорытындысында қолданыстағы субсидиялаудың теңгерімсіздігі көрсетілді. Қолданыстағы субсидия шарттары бойынша АШ өнімінің 30% - дан азын өндіретін ірі, жоғары рентабельді АШ кәсіпорындарын қолдауға

бағытталған, бұл нәтижеге әсер ету тұрғысынан тиімді болып табылмайды. Бұл ретте АШ өнімдерінің негізгі бөлігін өндіретін шағын АШ құрылымдары мен халықтың ЖҚШ субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты олар іс жүзінде мемлекеттік қолдауды пайдаланбайды.

АШМ-гі 2023 жылдан бастап аграрлық сектордағы мемлекеттік қолдау мен субсидиялаудың аталған мәселелерін реттеу мақсатында АӨК-ін мемлекеттік қолдаудың жаңа жүйесін енгізді. Жаңа жүйенің басты ерекшелігі субсидия алушылар үшін қарсы міндеттемелердің болуы. Сонымен қатар, мемлекеттік қолдауды пайдаланатын фермерлер: өндіріс көлемінің және еңбек өнімділігінің төмендеуіне жол бермеуге, негізгі капиталға кемінде бес жылда бір рет инвестиция салуға міндетті [15].

Зерттеу нәтижесі мемлекеттің АӨК-і саласын дамыту мақсатында жасаған түрлі қолдау шаралары мен субсидиялау нәтижесіндегі болған бірқатар жетістіктері мен кейбір проблемалардың бар екендігін көрсетті.

АӨК-і саласын мемлекеттік қолдау мен субсидиялау кезінде қол жеткізілген нәтижелер мен потенциалдық мүмкіндіктер келесідей:

– АӨК-ні мемлекеттік қолдаудың жоғары деңгейі (АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру, ауылдық жерлерде микрокредит беруді кеңейту)

– Қазақстан республикасының банк заңнамасын қатаңдату және банктердің базель III-ке көшуі (АӨК саласындағы дағдарыстық жағдайларда қаржылық шығындардан болатын тәуекелдерді азайту; Банктердің неғұрлым тұрақты қаржыландыру көздерін іздеуі; ҚР-ның ҰБ-нің нормативтік талаптарын орындау үшін банктердің бірігуі).

– Мемлекеттік реттеу 04 ауыл шаруашылығы саласы (АӨК саласындағы мемлекеттік саясаттың бағыттары мен басымдықтарын өзгертуі)

– Сыртқы сауданы дамыту есебінен АӨК қарқынды дамудың мол мүмкіндіктері мен жоғарғы әлеуеті.

Осындай нәтижелер мен мүмкіндіктерінің болуына қарамастан аграрлық саланы дамыуға бағытталған мақсатты қаржыландырулар, мемлекеттік қолдаулар АШ саласының ЖІӨ-құрамындағы үлесін тұрақты деңгейде арттыра алмады. Осылайша, АШ-ның экономиканың басқа секторларымен салыстырғандағы бәсекелестік қабілетінің төмен болуы ауылдық аумақтардағы проблемалар қатарын көбейтіп отыр.

Біріншіден, ауыл және қала тұрғындарының тұрмыс сапасы мен өмір сүру деңгейі, табыс көлемі арасындағы үлкен айырмашылық, тұрақты жұмыс орындары санының аздығы, еңбекке қабілетті халықтың ауылдық жерлерден кетуі және т.б.

Екіншіден, ҚР ҰБ-нің қайта қаржыландыру мөлшерлемесін өзгертуі кезіндегі «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ қаржы институттарының (ЕДБ, МҚҰ, КС, ЛК, АИО) АШТӨ-несиелеудің пайыздық мөлшерлемелерге әсер етуі. Жалпы алғанда бұл қаржылдық институттар АШТӨ-үшін делдалдық қызмет атқарады. Сонымен қатар, ҚР-ның банк заңнамасын қатаңдату және банктердің базель III-ге көшуі АШ үшін бірқатар проблемаларды күшейтуі мүмкін. Мысалы, қаржы институттарында ұлттық валютаның өтімділігін төмендетуі мен импортталатын ауылшаруашылық техникасы мен жабдықтарының құнына әсер етуі мүмкін. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығы өнімдерінің бағасы қымбаттап, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсерін тигізеді.

Үшіншіден, ауыл тұрғындарының қаржылық сауаттылығының төмен болуы себебінен АШТӨ-нің қаржы институттарына деген сенімі салыстырмалы түрде азайған. Сондықтан, көп жағдайда АШТӨ-і кооперациялық қағидалар аясында жұмыс жасау мүмкіндіктерін толық пайдалана алмайды. Нәтижесінде, субсидиялау мен мемлекеттік қолдауларға ие бола алмай келеді.

Төртіншіден, еліміздегі АӨК субъектілерінің төлем қабілеттілігі мен қаржыландыру көздері бойынша қолжетімділігі төмен. Бұл АШТӨ-нің қаржылық мүмкіндіктерін шектейтін негізгі фактор.

Бесіншіден, интернет желісіндегі кемшіліктердің аграрлық секторлағы электрондық және онлайн қызметтерінің, цифрлық технологиялардың соынмен қатар, әлеуметтік-өндірістік инфрақұрылымдардың дамуына кері әсер етуде. Осы проблемаларды ескере отырып, аграрлық секторды мемлекеттік қолдау мен субсидиялаудың тиімділігін арттыру мақсатында оның жұмыс жасау тетіктерін жетілдірудің маңызы зор.

Қорытынды. 1. АШТӨ-нің бәсекелестік қабілеттілігін арттыру. Бұл бағытта ең алдымен отандық АШТӨ-нің шетелдік АШ тауарын өндірушілерімен тең дәрежеде бола отырып, олардың бәсекелестік артықшылықтарын меңгеру аса маңызды. Мемлекет аграрлық саясатты жетілдіріп, қолдау шараларын нығайтып, кейбір шектеулерді күшейте отырып және протекционистік шараларды енгізу қажеттілігі сезіледі.

2. Аграрлық секторды қаржыландыратын қаржы институттарын бір орталыққа шоғырландыру және ауыл халқының қаржылық сауаттылығын арттыру. Қазргі таңда ауыл тұрғындарының қаржылық сауаттылығы жеткіліксіз. Көп жағдайда олардың жұмыстарында қаржылық есептілік бола бермейді. Бұл жағдайлар АШТӨ үшін тұрақты қаржылардыру мүмкіндіктерін шектейді. Сол себепті, дамыған елдер тәжірибесін ескере отырып, мамандандырылған инициативалық аграрлық банктерді құру аса маңызды. Бұл АӨК-і саласына бөлінген мемлекеттік қаражаттарды қатаң бақылауға және елдегі инфляцияны реттеудегі бірегей тетік болмақ.

3. Ауылдық жерлердің тұрақты дамуына жәрдемдесу. Ауылдық аумақтардың мамандану деңгейін анықтау арқылы, техникалық картаны әзірлеу және перспективалы ауылдар мен аудан орталықтарынан өндіріс орындарын құру. Тұрақты жұмыс орындарын қалыптастыра отырып халықтың табысын, АШ-ның ЖІӨ-гі үлесін және экспорт көлемін арттыру, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. Осылайша, ауылдық аумақтарда басқарылатын урбандау процессін, агломерацияны, инфрақұрылымдарды дамытуға мол мүмкіндік бар.

4. Электрондық және онлайн қызметтерді дамыту, цифрлық және «жасыл» технологияларды қаржыландыру көлемін арттыру. Интернеттің және мобильді технологиялардың енуі ауылдық жерлердегі электрондық және онлайн қызметтердің қарқынды дамуына, өндіріс көлемін арттыруға, АШТӨ-нің кәсіптік деңгейін көтеріп, қаржылық сауаттылығын арттыруда ерекше маңыздылыққа ие. Бұл шара ауылдық аумақтардағы өндірістің, инфрақұрылымдардың және қаржы мекемелерінің дамуында маңызды болып табылады.

Мақала «Агроөнеркәсіптік кешендегі кооперативтік процестерді дамытуға, ауылдық аумақтарды тұрақты дамытуға және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясаттың әсерін зерттеу» (СТН №BR10764919) бағдарламасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1. Dongyu Ts. Agricultural aid: A game plan to tackle the hunger crisis. Official Website of the Food and Agriculture Organization of the United Nations [Электрон.ресурc] - 2022. - URL://<https://www.fao.org/webcast/home/en/item/6033/icode/> (дата обращения: 25.01.2023).

2. Информационно-аналитический обзор к парламентским слушаниям на тему «Вопросы развития агропромышленного комплекса». Сенат Парламента РК. Аппарат Сената, Информационно-аналитический отдел. - г. Нур-Султан. - 2020 год.

3. Kuandykova M.B., Omarbakiyev L.A., Nizamdinova A.K. Prices for domestic agricultural products and protectionism as an instrument of state regulation // Problems of AgriMarket.- 2022. - № 3.- С.65-71.

4. UN DESA World Social Report 2021. Reconsidering Rural Development [Электронный ресурc] - 2022. - URL: // <https://www.un.org/development/desa/dspd/world-social-report/2021-2.html> (дата обращения: 18.01.2023).

5. Hemming D.J., Chirwa E.W., Ruffhead H.J., Hill R., Osborn J., Langer L., Harman L., Coffey C., Dorward A., Phillips D. Agricultural input subsidies for improving productivity, farm income, consumer welfare and wider growth in low- and middle-income countries A systematic review. International Initiative for Impact Evaluation. London International Development Centre. United Kingdom [Электрон.ресурc] - 2018. - URL: // <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.4073/csr.2018.4> (дата обращения: 18.01.2023).

6. Жумаксанова К.М., Есенжигитова Р.Г., Дүйскенова Р.Ж., - Қазақстанның аграрлық секторын мемлекеттік қолдаудың өзекті мәселелері.// Проблемы аграрного рынка.- 2022. - № 4. - С. 33-42.

7. Колдер Э. Agricultural subsidies: Everyone's doing it [Электрон.ресурс] - 2020. - URL: // <https://www.hinrichfoundation.com/research/article/protectionism/agricultural-subsidies> (дата обращения: 13.01.2023).
8. Утибаев Б., Жунусова Р. О взаимосвязи финансирования сельхозтоваропроизводителей и объемов производства продукции// Экономика и статистика. 2021. - № 2. - Б.69-72.
9. Комитет статистики Министерства национальной экономики Республики Казахстан [Электронный ресурс] - 2023. – URL: //http://www.stat.kz. (дата обращения: 05.01.2023).
10. Официальный сайт Премьер-Министра Республики Казахстан. Итоги развития сферы сельского хозяйства за 2021 год и планы на предстоящий период [Электронный ресурс]. – 2021. – URL: //. (дата обращения: 05.01.2023).
11. Годовой отчет 2021 АО «Национальный управляющий холдинг «Байтерек» [Электронный ресурс]. - 2021. – URL: //iblock/94f/sp361kgx1rofxi98dpy002gvtwovzoei/Baiterek_AR_2021_RU_int.pdf (дата обращения: 17.01.2023).
12. Годовой отчет 2021 АО «Аграрная кредитная корпорация» [Электронный ресурс]. - 2021. – URL: // <https://www.agrocredit.kz/upload/iblock/70c/474qbj9klbupoeleyprkxg7gptuz25rkw.pdf> (дата обращения: 18.01.2023).
13. Официальный сайт Президента РК. Выступление Главы государства Касым-Жомарта Токаева на совещании по вопросам развития моногородов в Экибастузе [Электронный ресурс]. - 2020. – URL: // <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-soveshchani-ru-voprosam-razvitiya-monogorodov-v-ekibastuze-410518> (дата обращения: 19.01.2023).
14. Итоги государственного аудита оценки реализации Государственной программы развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017–2021 годы [Электронный ресурс]. - 2021. – URL: // <https://nomad.su/?a=3-202012230036&ysclid=ldfjvhvadj899425385> (дата обращения: 22.01.2023).
15. Какие изменения произошли в системе субсидирования АПК. Официальный сайт Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан [Электронный ресурс]. - 2023. – URL: // <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/495794?lang=ru> (дата обращения: 25.01.2023).

О.А.Аліпбеки, Д. Жәнсхан*, Р. С.Мұсина

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University, Astana, Kazakhstan

Subsidizing agriculture: problems and ways of its effective organization

Abstract. In many states, the continuous improvement of incentive measures through state support and subsidizing of the agricultural industry is used as the main approach affecting the increase in productivity and profitability in it, ensuring the availability of food and, ultimately, reducing poverty and stimulating economic growth in the country. The purpose is to identify the main problems in subsidizing agriculture in Kazakhstan and scientific substantiation of effective ways of its regulation. Methods: hypothetical, scientific abstract, dynamic and comparative analysis, synthesis, system approach, logical.

Results: the state is constantly improving support measures taking into account the current state of the agricultural sector. State support of the agro-industrial complex, in addition to concessional financing and subsidies, was implemented through targeted programs aimed at improving the quality of life of the population using price, tax, leasing, etc. mechanisms. Having analyzed the data for 2018-2022 considered in the study, it can be concluded that both the volume of production in the agricultural sector and the volume of subsidies and financing have changed in positive dynamics. But these results failed to increase the share of the agricultural sector in GDP at a stable level. In this regard, in 2023, subsidies to the agricultural sector were supplemented with new mechanisms. For the agricultural sector, it is necessary to increase competitiveness and improve protectionist measures; strict control over the use of budget funds by consolidating institutions financing the agro-industrial complex in one center and digitalizing it; stable employment of the rural population, increasing export volumes, the development of online services and increased financing of “green” technologies.

Keywords: agriculture, state support, subsidies, preferential credit, financial institutions, food prices, inflation, investments.

О.А. Алипбеки, Д. Женсхан*, Р.С. Мусина

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

Субсидирование сельского хозяйства: проблемы и пути его эффективной организации

Аннотация. Во многих государствах постоянное совершенствование стимулирующих мер путем государственной поддержки и субсидирования сельскохозяйственной (СХ) отрасли используется в качестве основного подхода, влияющего на повышение в ней производительности и рентабельности, обеспечение доступности продовольствием и, в конечном счете, сокращение бедности и стимулирование экономического роста в стране. Цель - выявление основных проблем при субсидировании АПК в Казахстане и научное обоснование эффективных путей его регулирования. Методы - гипотезный, научный абстракционный, динамический и сравнительный анализ, синтез, системный подход, логический.

Результаты - государство постоянно совершенствует меры поддержки с учетом текущего состояния аграрного сектора. Государственная поддержка АПК, помимо льготного финансирования и субсидирования, реализовывалась через целевые программы, направленные на повышение качества жизни населения используя ценовые, налоговые, лизинговые и др. механизмы. Анализируя данные за 2018-2022 годы, рассмотренные в исследовании, можно сделать вывод, что в положительной динамике изменились как объемы производства в аграрном секторе, так и объемы субсидирования и финансирования. Но эти результаты не смогли на стабильном уровне увеличить долю сельскохозяйственной отрасли в ВВП. В этой связи в 2023 году субсидирование отрасли АПК было дополнено новыми механизмами. Вывод. Для СХТП необходимо повышение конкурентоспособности и совершенствование протекционистских мер; жесткий контроль за использованием средств бюджета путем консолидации институтов, финансирующих АПК, в одном центре и его цифровизации; стабильная занятость сельского населения, увеличение объемов экспорта, развитие онлайн-услуг и увеличение финансирования «зеленых» технологий.

Ключевые слова: сельское хозяйство, государственная поддержка, субсидии, льготный кредит, финансовые институты, цены на продукты питания, инфляция, инвестиции.

References

1. Dongyu Ts. Agricultural aid: A game plan to tackle the hunger crisis. Official Website of the Food and Agriculture Organization of the United Nations [Elektron.resurs] - 2022. - Available at: // <https://www.fao.org/webcast/home/en/item/6033/icode/> (Accessed: 25.01.2023).
2. Informacionno-analiticheskij obzor k parlamentskim slushaniyam na temu: Voprosy razvitiya agropromyshlennogo kompleksa [Issues of development of the agro-industrial complex]. Senat parlamenta RK. Apparat senata, Informacionno-analiticheskij otdel. - g. Nur-Sultan.- 2020.
3. Kuandykova M.B., Omarbakiyev L.A., Nizamdinova A.K. Prices for domestic agricultural products and protectionism as an instrument of state regulation, Problems of AgriMarket, 3,65-71(2022).
4. UN DESA World Social Report 2021. Reconsidering Rural Development Available at: <https://www.un.org/development/desa/dspd/world-social-report/2021-2.html> (Accessed: 18.01.2023).
5. Hemming D.J., Chirwa E.W., Ruffhead H.J., Hill R., Osborn J., Langer L., Harman L., Coffey C., Dorward A., Phillips D. Agricultural input subsidies for improving productivity, farm income, consumer welfare and wider growth in low- and middle-income countries A systematic review. International Initiative for Impact Evaluation. London International Development Centre. United Kingdom Available at: // <https://onlinelibrary.wiley.com/doi/epdf/10.4073/csr.2018.4> (Accessed: 18.01.2023).
6. Zhumaksanova K.M., Esenzhigitova R.G., Dyjskenova R.Zh., - Kazakstannyn agrarlyk sektoryn memlekettik koldauidyn ozekti maseleleri [Actual issues of state support for the agricultural sector of Kazakhstan].- Problemy agrarnogo rynka[Agromarket problems] 4,33-42(2022).
7. Kolder E. Agricultural subsidies: Everyone's doing it. Available at: // <https://www.hinrichfoundation.com/research/article/protectionism/agricultural-subsidies> (Accessed: 13.01.2023).

8. Utibayev B., Zhunussova R. O vzaimosvyazi finansirovaniya sel'hoztovaroproizvoditelej i ob'emov proizvodstva produkci [On the relationship between financing of agricultural producers and production volumes], *Ekonomika i statistika*[Economics and statistics], 2,69-72(2021).

9. Komitet statistiki Ministerstva nacional'noj ekonomiki Respubliki Kazahstan [Committee of Statistic of MNE of RK] Available at:[http:// www.stat.kz](http://www.stat.kz). (Accessed: 05.01.2023).

10. Oficial'nyj sajt Prem'er-Ministra Respubliki Kazahstan. Itogi razvitiya sfery sel'skogo hozyajstva za 2021 god i plany na predstoyashchij period [Results of the development of agriculture in 2021 and plans for the coming period]. Available at: <https://primeminister.kz/ru/news/reviews/itogi-razvitiya-sfery-selskogo-hozyajstva-za-2021>. (Accessed: 05.01.2023)

11. Godovoj otchet -2021 [Annual Report -2021]. AO «Nacional'nyj upravlyayushchij holding «Bajterek» [National holding Baiterek] Available at: https://baiterek.gov.kz/upload/iblock/94f/sp361kgx1rofxi98dpy002gvtwovzoei/Baiterek_AR_2021_RU_int.pdf (Accessed: 17.01.2023)

12. Godovoj otchet - 2021 [Annual Report -2021]. AO «Agrarnaya kreditnaya korporaciya» [Agrarian credit corporation]. Available at: <https://www.agrocredit.kz/upload/iblock/70c/474qbj9klbupoeleypkxg7gptuz25rkw.pdf> (Accessed: 18.01.2023)

13. Oficial'nyj sajt Prezidenta RK. Vystuplenie Glavy gosudarstva Kasym-ZHomarta Tokaeva na soveshchanii po voprosam razvitiya monogorodov v Ekibastuze [Speech by the Head of State Kassym-Jomart Tokayev at a meeting on the development of single-industry towns in Ekibastuz]. Available at: <https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-na-soveshchanii-po-voprosam-razvitiya-monogorodov-v-ekibastuze-410518> (Accessed: 19.01.2023)

14. Itogi gosudarstvennogo audita ocenki realizacii Gosudarstvennoj programmy razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazahstan na 2017–2021 gody [Results of the state audit evaluation of the implementation of the State Program for the development of the agro-industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2017-2021]. Available at: <https://nomad.su/?a=3-202012230036&ysclid=ldfjvhvadj899425385> (Accessed: 22.01.2023)

15. Kakie izmeneniya proizoshli v sisteme subsidirovaniya APK [What changes have occurred in the system of subsidizing agriculture]. Oficial'nyj sajt Ministerstvo sel'skogo hozyajstva Respubliki Kazahstan [The official site of the Ministry of Agriculture of the Republic of Kazakhstan] Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/press/news/details/495794?lang=ru> (Accessed: 25.01.2023)

Авторлар туралы ақпарат:

Әліпбеки Оңғарбек Әліпбекұлы – биология ғылымдарының докторы, «Геодезия және картография» кафедрасының профессоры кафедрасының профессоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Жеңіс даңғ., 62, Астана, Қазақстан.

Жәнсхан Дарима – экономика ғылымдарының кандидаты, «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Жеңіс даңғ., 62, Астана, Қазақстан.

Мусина Раушан Сериковна – экономика ғылымдарының кандидаты; аға оқытушы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Жеңіс даңғ., 62, Астана, Қазақстан.

Alipbeki Ongarbek Alipbekuly – Doctor of Biological Sciences, Professor of the Department of Geodesy and Cartography, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, 62 Zhenis Ave., Astana, Kazakhstan.

Zhenshan Darima – Candidate of Economic Sciences, Associate Professor of the Department of Management and Marketing, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University, 62 Zhenis Ave., Astana, Kazakhstan.

Musina Raushan Serikovna – Candidate of Economic Sciences, Senior Lecturer, S.Seifullin Kazakh Agro Technical University 62 Zhenis Ave., Astana, Kazakhstan.